

**Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия
Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

Хаттама №1

Күні: 05.09.

Уақыты: 17.00-18.00

Қатысушылар: қамқоршылық кеңесі мүшелері

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылында оқушылардың мектеп формасы –Г. Оналбаева
2. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына қолдау көрсету-Г. Урметова, Г. Нұртай
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы туралы таныстырылым.

Тыңдалды:

1. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева оқушылардың мектеп формасы бірыңғай талап «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы негізінде сақталатыны жайында атап өтті. Мектеп формасы сынып жетекшілері мен оқушыларға және ата-аналарға алдыңғы оқу жылының соңында және оқу жылы басында таныстырылып айтылатыны және мектептің кіре беріс жерінде арнайы оқушыларға көрінетін жерде үлгісінің тұрғаны түсіндірілді.



2. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Г. Урметова 2025 -2026 оқу жылында әлеуметтік санаттағы отбасы балаларына мектеп формасы мен оқу құралдарына құжаттар негізінде комиссия отырысының шешімі бойынша 26 оқушы өзге санат бойынша қаржылай көмек мектептен ата-ананың есеп шотына аударылғаны жайында таныстырды. Әлеуметтік педагог Г. Нұртай «Мектепке жол» акциясы аясында жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Республикалық «Мектепке жол» акциясының жүргізілуі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына және 2025 жылғы 11 шілдедегі №1460 хатына сәйкес оқу жылының дайындық кезеңінде көмекті қажет ететін

отбасыларға «Жалпыға міндетті оқыту қорынан» және “Мектепке жол” акциясынан аз қамтылған отбасы, көпбалалы және күн көрісі төмен отбасы балаларына материалдық көмек беруді қамтамасыз ету мақсатында гимназиямызда жалпы Республикалық қайырымдылық акция жұмыстары жүргізілді. Тұрмысы аз қамтылған, жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету үшін акцияға қатысуға демеушілер, ата-аналар қоғамдастығы демеушілік көрсетті.

№	ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК
1	2025-2026 оқу жылында жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін көмекке «Жалпыға бірдей міндетті оқыту қоры» фондының тарапынан бөлінген 46228 тенге көлемінде көмекпен 61 оқушы қамтамасыз етілді; Жұмсалған қаражат: 2 823 568 тг
2	АӘК: отбасы саны – 16, бала саны –33
3	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар: отбасы саны – 2 , бала саны 2
4	Өзге санат қамқоршылық комиссиясының шешімімен: отбасы саны -10, бала саны - 26
5	Сарыарқа Акиматы көмек көрсетті: 10 оқушыға рюкзак пен құрал жабдықтар берді
6	Демеушілік көмек көрсетілді 1 сыныптарға 10 сөмке мен мектепке қажетті құрал-жабдықтар қамтамасыз етті.
7	Жүрегі жомарт азаматтар демеушілік көмек көрсеті – 500 тенге ақшалай берілді 5 отбасына
8	АГФ АО Халық банк Рахимова Жанар Амантаевна демеушілік жасап 10 отбасының оқушыларына рюкзак толық құрал –жабдықтармен қамтамасыз етті

3.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарлама туралы таныстырылым жасады директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева 2025-2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысындағы ерекшеліктері туралы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізіндегі тәрбие жоспарының сынып сағаттары мен жеке қауіпсіздік сағатын өткізуді түсіндіру. «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. № 123 от 26.05.2025 хаты негізінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын 2025-2026 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысына енгізілу жайында таныстырылды. Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;

- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;
- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Білім беру ұйымдарында оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз ету мақсатында білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуалды қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
- Бірлік және Ынтымақ
- Әділдік және Жауапкершілік
- Заң және Тәртіп
- Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және Жаңашылдық

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ:


1. «ҚАМҚОР» - әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
2. «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН» - білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
3. «SMART BALA» - инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
4. «ШАБЫТ» - білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
5. «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» аясында «РУХ» дебат клубы - тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
6. «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» - кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.
7. «ЖАСЫЛ МЕКТЕП» - жобасы білім алушыларға экологиялық тәрбие құндылықтарын дәріптеу
8. «Адал ұрпақ» жобасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

9. «AQ-NIET» қыздар клубы- қыз балалар тәрбиесі туралы түрлі іс-шаралар
10. «Кәсіби квест» - кәсіби бағдар беру, мамандықтар таңдау туралы бағыттау
11. «Тәуекел топ» сыныптағы тәжірибе- сынып оқушыларының оқу-тәрбие, әлеуметтік жағдайын зерделеу және анықталған оқушыларды қамту, қолдау көрсету
12. «Бала күнделігі» - 5 -сынып жетекшілері мен жаңадан келген сынып жетекшілерінің сыныпты зерделеу құралы ретінде оқушылармен қарым-қатынас, жағымды орта құру және қолдау көрсету.

Шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылында оқушылардың мектеп формасының сақталуы жайында 1-11 сыныптың жетекшілері мен ата-аналар комитеттері сыныптың ата-аналар жиналысында таныстыру.
2. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік санаттағы отбасы балаларын қамқоршылық кеңесі мен мектептің әлеуметтік педагогының жоспарына сәйкес жүргізілу.
3. Мектепте «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырылу туралы 1-11 сынып жетекшілері сынып сағатында және ата-аналарды тәрбие шараларына белсенді қамту сыныптардың ата-аналар комитеттері жүргізу.

Хатшы:



А. Ахметжанова